

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ГРАФИКА**Абишева Айгүл**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ АЭ-41 тобының студенті,

Ғылыми жетекші – А.Б.Айтбаев

Соңғы жылдары археологияда неғұрлым көп ақпарат алып, зерттеудің жаңа әдістерін қолдануға мүмкіндік беретін жаратылыстану ғылымының пәнаралық кешенді әдіс-тәсілдері пайдаланылады.

Археологиялық жұмыстарға кірісудің алдын, зерттеушілерге қойылатын негізгі талаптардың бірі – арнайы дайындықтың болуы және бекітудің әдістерін меңгеру. Өкінішке орай, еліміздің ЖОО, археология мамандығының кафедраларында, археологиялық бекітудің жаңа әдістерін қолдану екіталай. Бұл жас археологтар тарапынан ғылыми қызығушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Отандық және шетелдік зерттеулерде, айтылған мәселені көптеген бағыттар бойынша дамытуда.

Археологияның жалпы бағыты бойынша біз деректерді анықтау мен талдаудың кешенді процесін білеміз. Ескерткіштерді зерттеудің ғылыми әдістер жиынтығының ажырамас бөлігі ретінде, ең алдымен, далалық археологияда қолданылатын барлық үдерісті бекіту болып табылады. Ол ақпаратты сақтау үшін зерттеудің барлық кезеңдерінде қажет, өйткені мәліметтер археологиялық қазба жұмыстары барысында қалпына келтірмейтін мәдени қабатта жоғалады. Археологияда бекіту әдістері қалыптасу мен өңдеуінде ұзақ жолдан өтіп, археологияның ғылым ретінде дамуының барлық кезеңдерінде, ең алдымен, далалық археологиядағы әр түрлі археологиялық ескерткіштердің түрлерін зерттеумен және камералдық жұмыстар жүргізумен қатар келді. Бұл процесс бірнеше жүз жыл жүруде және жаңа жетістіктермен толығуда [1, 12 б.].

Далалық археология дамуымен оның тәсілдерін біріздендіру талаптары көтеріле бастады. Осының бір жолы археологиялық ескерткіштерді барлау және қазу бойынша басшылық жасау болды. Кеңес заманында заманауи зерттеулер негізінде жатқан археологиялық ескерткіштерді зерттеудің анағұрлым жетілдірілген тәсілдері жасалды. Кеңес археологтары Спицын А. А мен Городцов В. А еңбектері серпінді болды. Олар археологиялық бекіту әдістерін әзірлеп, онда кейінгі зерттеушілер үшін маңызды рөлін атап өтті. Спицын топографиялық карталар мен жоспарларға көп көңіл бөлді. Археологиялық анализдың әдіс пен әдістемесін әзірлеуде, қазба барысында Эванстың қабат-квадраттық әдісін жетілдірген Арциховский А.В маңызды роль атқарды [2, 18 б.].

Археологиялық зерттеулердің барлық кезеңдерінде қолданатын күнделіктік, графикалық және фотографиялық бекіту, ескерткіштің құрылу заңдылықтарын құжаттауға, олардың құрылымы мен қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді. Далалық зерттеулер нәтижесінде алынған археологиялық материалдар мен далалық құжаттама, археологиялық деректер кешенің қалыптастырады. Сондықтан тек сапалы тіркелген материалдар ғана кабинеттік зерттеулердің базасы бола алады [3, 19 б.].

Археологиядағы далалық бекіту әдістерінің бірі – графикалық бекіту. Графика – бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан бейнелеу өнерінің көне түрі. Адамзат көп уақыт бойы қоршаған әлемді және өмірлеріндегі оқиғаларды, үңгірлер қабырғаларында және тастарда бейнелеуге тырысты. Графикалық суреттер ұзақ уақыт бойы адамдар арасындағы қарым-қатынастың негізгі құралы болды. Ежелгі адамдардың жартасқа салған суреттерін графикалық суреттің бастапқы дамуына жатқызуға болады [4, 209 б.].

Графикалық бекіту – археологиялық объектілерді суреттеу немесе графикалық белгілерді қолдану арқылы шартты түрде бейнелеу. Бұл бекіту формасының материалды

көрінісі – сызбалар. Табылған объектілердің барлық қажетті белгілерін тіркейтін археологиялық сызбаларға аса қатаң талаптар қойылады. Археологиялық сызба объектілерді, процестерді және басқа да деректерді бейнелеп, қазу жұмыстары процесінде жоғалатын ақпаратты сақтау, сондай-ақ ғылыми жарияланымдар мен жалпылама жұмыстарды жазу кезінде құжатпен сәйкестендіру операциялары үшін қажет. Шынайылығы мен дәлдігі күмән тудырмайтын дұрыс құрастырылған археологиялық сызба, объектінің графикалық моделінің рөлін атқара алады және ақпаратты сақтау және зерттеу көзі болып табылады. Археологиялық сызбалар дала құжаттамасының құрамындағы маңызды элементтердің бірі⁷ Ол есеп жазу кезінде мәтінге иллюстрациялар түрінде келтіріледі. Кешенді тарихи зерттеулердегі далалық сызбалардың маңызын бағалау қиын. Сызбалар мәдени қабаттардың, құрылыстардың өзара байланысын және ондағы жәдігерлерді талдауға мүмкіндік береді [5, 98 б.].

Графикалық бекіту - археологиялық жәдігерлермен жұмыс істеудегі маңызды кезеңі, әсіресе жермен бірге блок түрінде алынған жәдігерлерге үлкен қатысы бар. Өйткені масштабты-координаталық қағазда орындалған графикалық бекітуде элементтердің өзара орналасуы толықтай көрінеді. Әрине, сызбадан басқа, фотосуретке түсіру қолданылады. Бірақ сызба барысында заттарды егжей-тегжейлі, визуальды талдауға болады. Ал фотосуреттегі контурлық сипаты, көлеңкелер мен түстердің сан алуандылығы, бөлшектердің орналасуын көруге кедергі келтіреді. Реставраторлар, объектімен жұмыс барысында элементтердің бастапқы көрінісіне сілтеме жасай отырып, графикалық сызбаға қайта оралады.

Қазіргі заманда фотосурет суреттен бірденені алып тастағандай, суретті дәлірек салуға мүмкіндік шектеулі, дәлдік фотосуретке түсіп кеткендей көрінеді. Бүгін, алдыңғы дәуірде салынған ботаниктер мен географтардың атласы тек қана сирек кездесетін өнердің мысалдары ретінде ғана емес, сонымен қатар ұмытылған өнер түрі болып қабылданады. Жылдар өте келе, қолмен сызылған сызбалар, компьютерлікке ауысты. Бірақ ең бастапқы идеясы, бұрышы немесе бұрыштың формасы – бәрі бұрынғысынша қолмен қағазға сызылатының ұмытпау керек. Сондықтан фотосурет те, компьютерлік графика да қолсызбаны шектетпейді, тек қана бұл графика түрлерін жеке бағыттап, «қолданбалы» деп атайды. Дегенмен, қол шеберлігі мен дәлдік бірге жүретін графика саласы бар. Бұл археологиялық қазбалардағы археологиялық графика. Мұнда аса дәлдік қажет. Бұл дәлдік, бұрындағыдай сияқты, барлық жағдайда: ыстықта, жаңбырда, желде де қажет.

1990 жылдардың аяғында шетелде далалық жұмыстарды жүргізу кезінде мамандандырылған компьютерлік бағдарламалық және аппараттық кешенді пайдалану қолданыла бастады. Қазақстанда соңғы жылдары электронды аспаптар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің белсенді дамуына байланысты, археология кафедраларына «Археологиялық графика» пәнінің енгізуге болады.

Пәннің мақсаты – археологиялық материалдарды талдау үшін қажетті жаңа тарихи дереккөздерді зерттеу барысында археологияда бекіту әдістерінің кең мүмкіндіктерін анықтау; жасалатын далалық құжаттаманың міндетті тізімі және қазіргі заманғы жабдықтар мен бекіту әдістері туралы түсінік қалыптастыру. Бұл пән археологиялық қазба барысында жүргізілетін жұмыстардың барлық түрлерін толық көрсетуге қажетті сызбаларды келтіре отырып, археологиялық сызба ұғымдарын және графикалық фиксацияның қосалқы элементтерін ашатын болады.

Археолог қираған қабырғаларға, іргетастың ізіне, әр түрлі кезең бойынша қоныстардың қаланғанына қарап, оны көрген жағдайда, кейінге қалдырмай-ақ, дәл сол сәтте сызып тастай алады. Ол қарапайым, сенімді түрде сызады және фотосуреттен артық көреді. Археолог көру мен сызу қабілетін өзінде өсіріп, күрек және жермен кездесудің романтикасын ғана емес, сәттің маңыздылығын, жауапкершілікті сезінуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Шакиров З.Г. Методы фиксации в археологии / З.Г. Шакиров. – Казань: Казан. ун-т, 2015. – 114 с.
2. Лопатин В.А., Малов Н.М., Малышев А.Б., Четвериков С.И. / Основы археологии (методика полевых исследований и археологическая практика): учеб.-метод. пособ. для студ.– Саратов: Изд-во «Научная книга», 2006. – 46 с.
3. Васильев С.А. Электронная фиксация полевых данных на охранных археологических раскопках на примере памятника Охта-I // Археология и геоинформатика. М., 2012. С.19-20.
4. Кудряшев К.В. Архитектурная графика / Кудряшев К.В. Учебное пособие – М.: Архитектура-С, 2006. – 312 с., ил.
5. Авдусин Д.А. Полевая археология СССР. – М.: Высш. школа, 1980. – 335 с.